


Морфологиялық тұтастық белгісі

Орындаған: Рүстем Ақерке



Тіл білімінде сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда грамматикалық белгілер де негізге алынады. Грамматикалық белгілердің өзі екі түрлі: оның бірі-морфологиялық белгі, екіншісі — синтаксистік белгі.

Морфологиялық белгінің қатарына сөз тудыру формалары мен сөз түрлендіру формалары енеді. Сөз тудырушы аффикстер (жұрнақтар) сөз таптарына телініп, соған орай, олардың грамматикалық белгісі ретінде қызмет атқара алады. Мысалы: - (*-ші*), -м (*-ым, ім*) жұрнақтары зат есімдерге (*етікші, жұмысшы, малышы, жылышықышы, жазушы, қайықышы; өнім, киім, білім, ұғым, соғым, тізім, сенім, тыным және т. б.*), -лы (*-лі, -ды, -ді, -ты, -ті*), -ғыш (*-гіш, -ңыш, -кіш*) жұрнақтары сын есімдерге (*сулы, денелі, ажарлы, пайдалы, тұзды, кеуделі, тасты, жемісті, ұқыпты, йлы, көңілді; жазғыш, білгіш, сезгіш, тапқыш, айтқыш, сенгіш және т. б.*), -ла (*-ле, -да, -де, -та, те*), -а (*-е*) жұрнақтары етістіктерге (*тағала, шегеле, тақтайла, өкпеле, арқанда, мекенде, белгіле, та-яқта, астарла, гүлде, әдеміле, ақта, қарала, арықта; сы-на, міне, қана, өрте және т. б.*) тән жұрнақтар ретінде қаралады да, бір сөз табын екінші сөз табынан ажырата-туға көмектеседі.




Бірсыпыра зерттеушілер тарихи тұрғыдан сөз таптарыи сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Бұл мәселе жайында акад. И. И. Мещанинов «Сөйлем мүшелері мен сөз таптары» деген салыстырмалы-типологиялық зерттеуінде былай деп жазды: «Зат есім өзінің сөй-лемде заттық мағынадағы мүше (бастауыш және толықтауыш) болуымен бөлініп шығады, сөздердің сөйлемнің атрибутивті мүшесі (анықтауыш) ретінде жұмсалуды ар-қылы сын есім жасалады, үстеулер пысықтауыш мүше ретінде жұмсалады, етістік басқа сөз таптарынан баян-дауыш (сөйлемнің іс-әрекетті білдіретін мүшесі) ретінде қызмет атқаруы, нәтижесінде ажыратылады. Бұл жерде, сөйлемнің осылай мүшеленуімен лексикалық топтар жасалады».

Зерттеушілер сөз таптарының сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалу барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. «Сөздердің морфологиялық жағынан тұлғаланған лексикалық топтарының (зат, іс-әрекет, қасиет және т. б. атаулары) олардың синтаксистік қызметінің негізінде жасалу процесі үндіеуропа тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасынан ашық-ай-қын көрінеді». «Грамматикалық жағынан тұлғаланған сын есімдер категориясының жасалуы, яғни ежелгі есімдердің зат есімдер мен сын есімдерге дифференциациялануы, үндіеуропа тілдерінде салыстырмалы грамматикалық методтары арқылы көріне алады». Мұндай дифференциация үндіеуропа тілдерінің ең көне кезінде болмаған.

Бұл жайында А. А. Потебня былай деп жазды:
«Тілдердің тарихында зат және белгінің атын ажырататын сын есім зат есімнен кейінірек және содан жасалады»⁶³. «Зат есім мен сын есімнің арасындағы айырмашылық о бастан емес. Сын есімдер зат есімдерден туған, яғни әр түрлі үндіеуропа тілдерінде азды-көпті айқын іздер мен деректер қалдырған, сапа-қасиет тек қана иактылы, тек қана зат ретінде ұғынылған кездер болған». «Зат есімнен сын есімнің жасалу жолы дегеніміз зат есімнің атрибутивті қолдапылуы». В. М. Жирмунский үндіеуропа тілдерінің көне дәуірінде зат есімдер мен сын есімдердің жігінің ажыратыл-мағандығын есім негіздердің ортақ болуы, есімдердің септелу формаларының бірдей болуы және т. б. жайындағы деректерді келтіре отырып дәлелдейді. Зат есімдер мен сын есімдердің және үстеулердің тілдердің даму барысында біртіндеп жігі ажырап, дербес лексика-грамматикалық категориялар ретінде қалыптасқандығын көрсетеді.

Сөз таптарының бірден емес, біртін-деп қалыптасқанын, олардың жігінің ажырап, әр басқа сөз таптарының тілдің тарихи даму барысында жасалғандығын түркі тілдерінің деректері де дәлелдей түссді. Мысалы: *көк, жас* деген сөздердің әрі зат есім, әрі сын есім болуы (омопимдес сөздер) есім сөздердің ерте кез-де жігі айқын ажыратылмағандығын аңғартады, диф-ференциацияланбау құбылысының тілде сақталған ізі екендігін көрсетеді. Түркі тілдерінде әрі есім, әрі етістік мағынасын білдіретін *көш, той, тоң, ық, ой* тәрізді етіс-тіс-есім омонимдер бар. Етістік-есім түріндегі бұлар тә-різдес түбір омонимдерді Э. В. Севортян түркі тілдерінің көне дәуіріндегі грамматикасы мен сөздігінде болған грамматикалық синкрстизм құбылысы ретінде қарай-ды.





1-ТАПСЫРМА

Грамматикалық талдау

Текстен салт етістіктерді бір бөлек, сабақты етістіктерді бір бөлек көшіріп, олардың неге салт, сабақты болу себебін түсіндіріңдер.

Әкем менің жан еді қарапайым,
Демеймін жұртты ауызға қаратайын.
Ешқашан бірақ көптен қалған емес,
Көрген сол соғыстың да талапайын.
Деуші еді: “Тәубә, балам, келдім аман,
Қалды ғой жат жерлерде небір адам.
Көрер жарық, несібем таусылмапты
Құдайым өздеріңді берді маған”.
Татқан ол ашаршылық дәмін де ерте,
Қайырып бал дәуреннәі әнін келте.
Панасы бір әулеттің болған дейді,
Еңбегін етіп кеме, жанын--желкен



□ 2-ТАПСЫРМА

□ Тест

- 1. Көптік жалғауының дұрыс жалғанбағанын көрсет.
 - А) Балалар. В) Құрылысшылар. С) Газеттер. Д) Кітаптар. Е) Ұндар.
- 2. Түбір тұлғасы өзгеріске ұшырап біріккен сөзді тап.
 - А) Алатау. В) Әкел. С) Мұратәлі. Д) Кейбір. Е) Ешқашан.
- 3. Көмектес септігінің көнеленуінен қалыптасқан үстеуді белгіле.
 - А) Баяғыда. В) Әрең-әрең. С) Кеңінен. Д) Жоғары. Е) Кезекпен.
- 4. Күшейткіш демеулікті тап.
 - А) дейін В) сайын С) –ау Д) ше Е) – ды
- 5. Қосымшалы қос сөзді көрсет.
 - А) Балалы-шағалы. В) Үп-үлкен. С) Қып-қызыл.
 - Д) Төбе-төбе. Е) Алыс-жақын.
- 6. Негізгі екі буыннан құралған еліктеуіш сөзді көрсет.
 - А) Лып. В) Қыңқ. С) Тыртың. Д) Күмп. Е) Арс.
- 7. Күрделі сөзді көрсет.
 - А) Қабырғамен кеңес. В) Тіс жармады. С) Таза киім.
 - Д) Сары уайымға салынды. Е) Жүріп келе жатыр еді.



- 8. Заттық ұғымның атауы болатын сөзді тап.
- А) Әлдеқалай, солай. В) Көрген, көрер. С) Анау, сонау.
- Д) Демеуші, көмекші. Е) Сіз, сенен.
- 9. Сын-бейне үстеулі тіркесті көрсет.
- А) Осыншама ауыр. В) Тіпті ұзақ емес. С) Бермен кел.
- Д) Ілгері кетті. Е) Бірден келді.
- 10. «Арманыма» - сөзіндегі соңғы қосымшаны тап.
- А) Жіктік жалғау. В) Барыс септік. С) Тәуелдік жалғау.
- Д) Көптік жалғау. Е) Септік жалғау.
- 11. Бірге жазылатын сөзді көрсет.
- А) Сыр дария, Жиренше шешен. В) Қара қыпшақ, қалам ақы.
- С) Тыйым салу, кәсіп одақ. Д) Қол таңба, оқу орны.
- Е) Бес жылдық, жылдан жылға.
- 12. Жай шырайды тап.
- А) Арман өте қызықты кітап оқыпты.
- В) Жанат кең үйге кірді.
- С) Мына үй биігірек екен.
- Д) Армансыз адам қанатсыз құспен тең.
- Е) Орасан зор жетістік.
- 13. Туынды түбірді тап.
- А) Жеті. В) Жол. С) Дос. Д) Айтыс. Е) Аяқ.
- 14. Зат есімнен жасалған біріккен сөзді көрсет.
- А) Ендігәрі. В) Биыл. С) Әлдекім. Д) Шегара Е) Былтыр.



- 15. Туынды сөзді көрсет.
 - А) Соң. В) Қызғылт. С) Үсті. Д) Алыстан. Е) Қуырдақ.
- 16. Өлшем атауына дұрыс жалғанған қосымшаны тап.
 - А) см-ден В) смге С) ГАЗ-51 ге Д) ИЛ-86мен Е) см. Ден.
- 17. Мекен үстеуін тап.
 - А) Жорта айтты, қасақана үндемеді. В) Ілгері жүрді, төмен түсті.
 - С) Бұрын жүрді, күні-түні оқиды. Д) Үйге кетті, қатты өкінді.
 - Е) Бірден сөйледі, шалқасынан құлады.
- 18. Қалау райлы етістікті тап.
 - А) Әкелді. В) Әкелсің. С) Әкелерсің. Д) Әкелмессің. Е) Әкелгейсің.
- 19. Еліктеудің қай түрі, анықта.
 - Біреу оқыс жөтеліп қалса-ақ, ала қашатындай елең-елең етіп, ойнақшып келеді.
 - А) Дара бейнелеуіш. В) Негізгі еліктеуіш. С) Туынды еліктеуіш.
 - Д) Күрделі бейнелеуіш. Е) Дыбыстық.
- 20. Мақсат үстеулі тіркесті тап.
 - А) Босқа әуре болма. В) Әдейілеп келді. С) Бірден сөйледі.
 - Д) Төмен түсті. Е) Ертең барады.





3-ТАПСЫРМА

Төменде берілген сөздердің морфологиялық, лексикалық
мағыналарын ажыратып жазындар

Оқушы, оқулық, оқытушы, кітап, кітапхана, қаламгер, айтыскер,
елшілік, болжау, сурет, суреткер, аңшы, ұста, ұстаз, ағаш, керуен,



4-Тапсырма

Сызба бойынша мысал келтіріңдер

Қосымша



Жұрнақ

Жұрнақ



Сөз тудырушы

Сөз түрлендіруші